«ЛИСАКОВ ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
ІШКІ САЯСАТ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

111200, Қостанай облысы,
Лисаков қаласы, Мир көшесі, 31
Тел.: 8 (714-33) 3-88-80
E-mail: vnpl@mail.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ
ПОЛИТИКИ АКИМАТА
ГОРОДА ЛИСАКОВСКА»

111200, Костанайская область,
город Лисаковск, улица Мира, 31
Тел.: 8 (714-33) 3-88-80
E-mail: vnpl@mail.kz

09.04.2025 № 02-08-22

**«Қармақшы жастары»
ЖҚБ төрағасына
Д. Жиенқожаевқа**

«Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ Сізден келіп түскен шағымға келесіні хабарлайды.

«Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ 14.02.2025 жылдың 14 ақпанында басшымен бекітілген № 8-п бұйрығы негізінде конкурстық құжаттамада *(бұдан әрі - Конкурстық құжаттама)* «Лисаков қаласы жастарының шығармашылық бастамаларын қолдауға бағытталған жобаны ұйымдастыру және өткізу» қызметі бойынша әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ресімдеуіне және ұсынуына қойылатын талаптар 3-тарау, 18-тармағының 1) тармақшасында қамтылған.

Сонымен қатар, 7 тараудың 34 тармағы 2 тармақшасында маманның еңбек өтілі мен біліктілігін есептеу туралы мәліметтер келтірілген және әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылған тұлғалардың саны қамтылған.

Осыған байланысты, байқауға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша «Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ-нің конкурстық комиссиясымен келесі анықталды:

«Sanaly urpaq-2050» ҚҚ-ның өтінімінде әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі туралы мәліметтері бар.

- «Қармақшы жастары» ЖҚБ өтінімін қарау кезінде маманның біліктілігі бар екені анықталды, алайда «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 4-тарауы 78-тармағы, 6-параграфының, талаптарына сәйкес еңбек өтілі жоқ *(атап айтқанда құжат, растаушы қызметкердің өтілі – аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтердің электрондық көшірмесі және осы тармақтың тармақшаларында*

030515

көзделген құжаттардың бірі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8).тармақшасы.

Осы себепті конкурстың екі қатысушысына конкурстық комиссия тиісті бағасын қойды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ «Қармақшы жастары» ЖҚБ-ның шағымын қабылдамау қажет деп санайды.

Басшы **Г. Тюлюбаева**